| Күн тәртібі                                                       | Дүйсенбі: 29.10.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сейсенбі: 30.10.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Сәрсенбі:31.10.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Бейсенбі:01.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жұма: 02.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Балаларды қабылдау                                                | Балабақшамен ата – ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Ата- аналармен әңгімелеу                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)                             | Саусақ ойындары<br>Бала, бала, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат.<br>Топ-топ басайық<br>Жалаудан күн жасайық<br>Жаса-жаса алтын күн!<br>Жаса-жаса жарқын күн!                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Құрылыс ойындары<br>«Жапырақтарды ажырату»<br>Мақсаты: жасыл және сары жапырақтарды түсіне қарай ажырату.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Дидактикалық ойындар<br>«Қай ойыншық жоғалды?»<br>Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Санамақтар айтқызу<br>Бақшаға жақсы аға<br>Көп ойыншық әкелді<br>Бір қоян, екі доп, үш мысық<br>Төрт машина, бес қуыршақ,<br>алты түйе, жеті піл<br>Сегіз ат, тоғыз аю, он ит.<br>Жаттап алуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Үстел үсті театры арқылы ертегі құрастырып айту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Таңертеңгі гимнастика (5мин)                                      | №4-ші таңертеңгі жаттығу кешені                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Таңғы ас                                                          | Тамақты ішкенде қасықты оң қолға ұстау. Таусып ішу, ас қайырып-алғыс айту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық                      | Қимылды ойын:<br>«Саңырауқұлақтар тереміз»<br>Мақсаты: Күз мезгілінде жеміс-жидектердің пісетінін естерінде сақтау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Қимылды ойын: «Поезд».<br>Мақсаты: Балалардың саптасып, қатарласа жүруге үйрету. Өлең сөздерін қайталау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Сөздік ойын: «Қимылын көрсет». Мақсаты: Балаларды аңдарды атап, олардың қимылдарын білуге үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Қимылды ойын:<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Балаларды бір-біріне қақтығысып қалмай, жүгіруге үйрету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Үстел-үсті ойыны<br>«Сыңарын табу» заттың суретін дұрыс ретімен қоюға дағдыландыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі | <b>1. Мүсіндеу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Саңырауқұлақ»<br><b>Мақсаты:</b> Ермексизден екі алақан ортасында ерсілі қарсылы дөңгелектеу, жалпайту әдістері арқылы мүсіндей отырып, қосу арқылы бүтін зат шығаруға үйрету.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><b>2. Жаратылыстану</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Міне,осындай Алтын күз»<br><b>Мақсаты:</b> Балалардың санасында күз маусымда жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы жағдайын анықтау, бақылау қабілетін дамыту, қарапайым экологиялық | <b>1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Жоғарыда төменде»<br><b>Мақсаты:</b> Биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және карама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету<br>Ұқыптылыққа, ептілікке баулу.<br><b>2.Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі баққа барамыз»<br><b>Мақсаты:</b> Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепетендікті сақтай отырып, бірбірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. | <b>1. Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Жұмыстың бәрі жақсы» <b>М. Әлімбаев.</b><br><b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортаның жан жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар арқылы кеңейту. Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, алған әсерлерін өз ойларымен айтып беру білімін дамыту.Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><b>2. Құрастыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Көп қабатты үйлер»<br><b>Мақсаты:</b> құрылыс материалдарынан биік көп қабатты үйлерді құрастыру дағдысын қалыптастыру; | <b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгіме)<br><b>Мақсаты:</b> Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, күзгі табиғаттағы,ауа райындағы өзгерістерді байқай отырып, артикуляциялық және дауыс аппараттарын дамыту. Тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.<br><b>2.Музыка</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күз жомарт»<br><b>Мақсаты:</b> Музыканы тыңдау,есте сақтау, әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.<br><b>3. Дене шынықтыру</b> | <b>1.Сурет салу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі жаңбыр»<br><b>Мақсаты:</b> Күз туралы мағлұмат беру. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен дұрыс ұстауды, қылқаламның ұшымен бір бағытта ырғақты түрде сілтей жағу жолымен жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; көк түсті білуді бекіту; қолдың ұсақ қимылдарын дамыту<br><b>2. Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Күзгі баққа барамыз»<br><b>Мақсаты:</b> Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. |

|                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
|-------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                 | мәдениет қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               | <b>Тақырыбы:«Күзгі баққа барамыз»</b><br><b>Мақсаты:</b> Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. |                                                                                         |
| <b>Серуенге дайындық</b>                        | Серуеннен оралғасын, беті-қолдарын жуып, құрғатып сүрту                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Серуен</b>                                   | 1.Бақылау. Желді бақылау.<br>Мақсаты: жел соғады, ағаштар тербеледі. Балаларға желдің бағытын байқату.<br>2.Еңбек. Қағаздан қаңғалақ жасау арқылы желдің бағытын бақылау.<br>Мақсаты: Қағаздан жасау ақылы балалардың саусақ моторикасын дамыту.<br>3.Қимылдық ойын: «Өткеншек»<br>Мақсаты: Өткеншек тебу арқылы желдің бағытын бақылау.<br>Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешейік.<br>Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу.<br>5.Еркін ойындар: Балалар өздері қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау. |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Серуеннен оралу</b>                          | Киімдерін өздіктерінен шешу. Сөрелеріне жинап салу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Түскі ас</b>                                 | Балаларды түскі ас мәзірімен таныстыру. Ас қайырып, алғыс айту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Түскі ұйқы</b>                               | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
|                                                 | «Бесік жырын» тыңдату                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Сазды әуенмен тыныштық сәті                                                        | «Бөбегім» әуенімен тыныш ұйқы                                                                                                                                                                                 | «Ертегілер» әуенімен тыныштық сәті                                                                                                                                                                                                     | «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.                                                          |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b> | Ұйқыдан ояту жаттығуы №4                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Бесін ас</b>                                 | Тамақты асықпай толығымен шайнап жеуді үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Ойындар, дербес әрекет.</b>                  | 1. «Мен өнерлі баламын»<br>Мақсаты: баланың шығармашылығын дамыту.<br>2.Топтағы еркін іс-әрекеттер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Жұмбақтар кеші<br>Мақсаты: баланың ойлану қабілетін дамыту мақсатына орай.         | 1.Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»<br>Тақырыбы: «Үйшік» Қуыршақ театры<br>Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Кейіпкерлердің әр қайсысының дауыстарын, мінезқұлықтарын сала білу. | Театрда қонақта «Бауырсақ» ертегісін сахналау.<br>Мақсаты: баланың шығармашылық қабілетін жетілдіру.                                                                                                                                   | Табиғат бұрышындағы гүлдерді суарып,қопсытып- шаңын сүрту.                              |
| <b>Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс</b> | Дидактикалық ойын<br>Альтаирмен «Жұбын тап»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Жеке жұмыс: Сымбатқа «Күз» өлеңін жаттатқызу                                       | Ақнәзікке еркін суреттер.                                                                                                                                                                                     | Жеке жұмыс: Сафияға «ф» «л» дыбысының айтылуын жаттықтыру.                                                                                                                                                                             | Жеке жұмыс: Марселге «р» «л» дыбысының айтылуын жаттықтыру.                             |
| <b>Серуенге дайындық</b>                        | Киіну, серуенге шығу. Серуенге қызығушылықтарын туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақша» тақырыбында                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Серуен</b>                                   | Өткеншекке сырғанау. Бақылап қадағалау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                         |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b>                   | «Дәрумендер пайдасы»<br>Балалар жеміс-жидек түрімен үй жағдайында таныстыру.<br>Бала денсаулығын қадағалау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>Балаларға ата-аналар өз мамандығы туралы түсінік беру. | «Абайла балақай»<br>Үйге қайтқан кезде жол ережесіне байланысты әңгімелер айту.                                                                                                                               | «Қызықты өлеңдер» жаттаған өлеңдерін қайталатып, еске түсіру.                                                                                                                                                                          | «Алақай ойындар» Ата-анаға демалысты балаңызбен бірлесе қызықты өткізу керектігін айту. |

Караша айының Іапта 05.11– 09.11 аралығындағы II кіші №5 «Ботақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Дені саудың жаны сау»

Тәрбиеші: Б. Есмұханова, О. Ізбасова

Апта тақырыбы: «Пайдалы көкіністер»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

| Күн тәртібі                                                              | Дүйсенбі: 05.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сейсенбі: 06.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Сәрсенбі: 07.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Бейсенбі: 08.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жұма: 09.11.2018ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                | Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
